

"2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарды анықтау нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы N 64 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 наурызда N 3140 болып тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21- бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарды анықтау нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 388 қаулысына (2015 жылы 28 қаңтарда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3086, 2015 жылғы 2 ақпандағы № № 5(228) "Қызылту" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2 тармағы келесі тармақшаларымен толықтырылсын:

"3) отбасында жұмыс істейтіндер жоқ тұлғалар;

4) он екі ай және одан артық жұмыс істемеген тұлғалар."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Уәлиханов ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Б. Хасенеев